1.1. Қазинвестбанкі» АҚ инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Банктің және оның қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу тәртібін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) заңнамасының және осы Ереженің талаптарын сақтауға бақылауды жүзеге асыру тәртібін сипаттайды.

1.2. Ереже ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазылған, атап айтқанда:

- 2003 жылғы 02 шілдедегі «Құнды қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңы;
- 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы;
- 2012 жылғы 24 ақпандағы №69 «Құнды қағаздар нарығындағы инсайдерлік ақпаратты ашу ережесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысы.

1.3. Ереже қажетіне қарай, ҚР сәйкес заңнамалық актілеріндегі өзгерістерге орай өзгертуге жатады. ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда және кейіннен туындағын Ереже нормаларымен қарама-қайшылық туындаған жағдайда ҚР заңнамалық актілері Ережеде мазмұндалған нормаларға қарағанда артықшылық күшке ие болады.

## 2. Пайдаланылатын терминдер мен қысқартулар

2.1. Осы Ережеде пайдаланылатын түсініктер, терминдер және қысқартулар:

<b><u>Банк</u></b>	"Казинвестбанкі" АҚ және оның филиалдары;
<b><u>БжСЕД (ДБиНУ)</u></b>	Бухгалтерлік және салықтық есеп беру департаменті;
<b><u>ІАД (ДВА)</u></b>	Ішкі аудит департаменті;
<b><u>ІБД (ДВК)</u></b>	Ішкі бақылау департаменті;
<b><u>ҚД (ДК)</u></b>	Қазынашылық департаменті;
<b><u>НӘД (ДКА)</u></b>	Несиелік әкімшілік ету департаменті;
<b><u>ККНД (ДККК)</u></b>	Корпоративтік клиенттерді несиелендіру департаменті;
<b><u>ШОБ НД (ДКМСБ)</u></b>	ШРБ клиенттерін несиелендіру департаменті;
<b><u>КДД (ДКР)</u></b>	Корпоративтік даму департаменті;
<b><u>КТД (ДКРР)</u></b>	Кредит тәуекелдер департаменті;
<b><u>РЕД (ДРО)</u></b>	Реттеу есептігі департаменті;
<b><u>ҚЖД (ДРП)</u></b>	Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі департамент;
<b><u>СТД (ДСР)</u></b>	Стратегиялық тәуекелдер департаменті;
<b><u>БЕД (ДУО)</u></b>	Басқармалық есептілік департаменті;
<b><u>КЕД (ДФО)</u></b>	Қаржылық есептілік депозитарийі;
<b><u>Инсайдер</u></b>	Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге ие немесе қол жеткізе алатын тұлға. Банк инсайдерлерінің тізімі осы Ережеге сәйкес анықталады;

### **Инсайдерлік ақпарат**

құнды қағаздар (туынды қаржы аспаптары), олармен жасалған мәмілелер, сонымен қатар, Банк туралы құнды қағаздар (туынды қаржы аспаптарын) шығарушы (ұсынушы) эмитент ретіндегі, коммерциялық құпияны құрайтын ол жүзеге асыратын қызметтер туралы, сондай-ақ, үшінші тұлғаларға белгісіз, оларды ашу құнды қағаздардың (туынды қаржы аспаптарының) құнының өзгеруіне және олардың эмитенті ретіндегі Банктің қызметіне әсер етуі мүмкін өзге ақпарат. Ақпарат оны БАҚ-да жариялаған сәтке дейін инсайдерлік болып табылады;

### **Банктің корпоративтік веб-сайты**

Банк өз қызметі туралы ресми ақпарат орналастыруға арналған Банк пайдаланатын Банкке тиесілі интернет ресурс (веб-сайт) және оның интернет желісіндегі мекен-жайы келесідей: **www.kib.kz**;

### **ҚР ҰБ** **ОТБ (ООР)** **БАҚ**

ҚР Ұлттық Банкі;  
Операциялық тәуекелдер бөлімі;  
Бұқаралық ақпарат құралдары (баспа басылымдары және/немесе веб-сайттар);

### **ЗД (ЮД)**

Заңгерлік Департамент.

## **3. Инсайдерлік ақпарат тізбесі**

3.3. Банктің Инсайдерлік ақпаратына келесілер туралы ақпарат жатады:

- Коммерциялық құпия құрайтын Банк шығарған құнды қағаздар (туынды қаржы аспаптары) және олармен жасалған мәмілелер;
- Тоқсандық және жылдық қаржылық есеп беру (Банк қызметінің қорытындысы);
- Аудиторлық тексеру қорытындылары (сыртқы және ішкі);
- Банктің қаржылық мәселелері және өтімділік мәселелері;
- Маңызды корпоративтік оқиғалар – инвесторлардың мүддесіне қатысты болуы, Банк акцияларының нарықтық құнына, инвесторлардың Банк туралы білікті пікірлеріне, Банктің даму перспективасына, Банкті басқару мен бақылауға әсер етуі мүмкін Банктің ағымдағы қызметіндегі кез келген маңызды оқиға және «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 79 бабына және «Құнды қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының 10 бабына сәйкес маңызды корпоративтік оқиғаларға жататын өзге оқиғалар:
  - ✓ Банк органдарының құрамының өзгеруі;
  - ✓ Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлер құрамының өзгеруі;
  - ✓ Банкті және тәуелді акционерлік қоғамдарды қайта құру және жою;
  - ✓ Банк мүлігіне тыйым салу;
  - ✓ Банк активінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлігін кепілге (қайта кепілге) беру;

- ✓ Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі;
- ✓ Банк акцияларының он және одан жоғары пайызына (үлесіне, пайына) ие әр ұйымның тізіміндегі өзгерістер;
- ✓ Құнды қағаздар шығару проспектісіндегі өзгерістер;
- ✓ Мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісінде қарастырылған Банктің шарттарды сақтамауы, Банк жіберген дефолт фактілері туралы ақпарат;
- ✓ Акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі қабылдаған Банктің ішкі құжаттарына сәйкес олар туралы ақпарат акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс шешімдер;
- ✓ Банктің акциялар және басқа құнды қағаздар шығаруы және өкілетті органның Банктің құнды қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есеп берулерін, Банктің құнды қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есеп берулерін бекіту, өкілетті органның Банктің құнды қағаздарының күшін жоюы;
- ✓ Банктің ірі мәмілелер жасауы және жасалуына Банк мүдделі болып табылатын мәмілелер;
- ✓ Банктің өзінің меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;
- ✓ Банктің қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға рұқсат алуы, қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға Банк бұрын алған рұқсаттың әрекет күшін тоқтата тұруы немесе доғаруы;
- ✓ Банктің заңды тұлға құруға қатысуы;
- ✓ Нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Банктің мүлігі құрып кеткен төтенше сипаттағы оқиғалардың орын алуы;
- ✓ Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапқа тарту;
- ✓ сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
- ✓ Банкті мәжбүрлі қайта құру туралы шешім қабылдау;
- ✓ Банк Жарғысына, сонымен қатар Банктің құнды қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлері мен инвесторларының мүддесіне қатысты басқа оқиғалар.

#### 3.4. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) жалпы қол жетімді негізде әзірленген ақпарат, оның ішінде инвестициялық шешім қабылдау және (немесе) құнды қағаздармен (туынды қаржы аспаптарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы кеңестер немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілген құнды қағаз құнына (туынды қаржы аспаптары), Банктің мүлдіктік жағдайына қатысты зерттеулер, болжаулар және бағалаулар;

2) БАҚ-нан алынған ақпарат;

3) шығу көзі белгісіз, тұлғалардың кең аясы арасында таратылған ақпарат, сонымен қатар Банктің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты топшылаулар.

#### 4. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімі

4.3. Банк өзінің инсайдерлік ақпаратын қор биржасының ережелері белгілеген мерзімде

жолдау, және Банктің корпоративтік веб-сайтына және ҚЕД интернет ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде ҚР заңнамасы белгілеген мерзімде орналастыру жолымен БАҚ-на жариялау арқылы ашады.

4.4. ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес Банк қызметіндегі өзгерістер туралы және корпоративтік оқиғалар туралы инсайдерлік ақпарат (акционерлердің назарына жеткізіледі) ҚР заңнамасы белгілеген мерзімде жарияланады.

## 5. Банк Инсайдерлері

5.2. Банк инсайдерлері деп танылады:

- 15) Директорлар Кеңесінің төрағасы және мүшелері;
- 16) Басқарма төрағасы және мүшелері;
- 17) Басқарма құрамына кірмейтін Банктің басқарушы директорлары, Банктің Бас бухгалтері;
- 18) Келесі бөлімшелердің басшылары;
  - БжСЕД
  - ІАД
  - ІБД
  - ҚД
  - НӨД
  - ККНД
  - ШОБНД
  - ҚДД
  - КТД
  - РЕД
  - БЕД
  - СТД
  - ОТБ
  - ЗД
  - Комплаенс департаменті
- 19) Банктің дауыс беруші акцияларының 10 % (он пайызына) және және одан көбіне тура немесе жанама ие, оны пайдаланатын, билік ететін жеке тұлға;
- 20) Банктің дауыс беруші акцияларының 10 % (он пайызына) және және одан көбіне тура немесе жанама ие, оны пайдаланатын, билік ететін заңды тұлға;
- 21) Банктің қызметіне аудит жүргізген аудиторлық ұйым;
- 22) Құнды қағаз нарығының бағалаушылары, кәсіби қатысушылары және шарт талаптарында Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылған шарттар жасауға (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін басқа тұлғалар;
- 23) Тізіміне Банк акциялары енгізілген сауда-саттық ұйымдастырушысы;
- 24) құнды қағаздарды манипуляциялау мақсатында жасалған мәмілелерді мойындау сұрақтарын қарау мақсатында құрылыған сауда жүйесінде Банктің құнды қағаздарымен мәмілелер жасалатын Қор биржаларының Директорлар кеңесі мүшелері, қор биржаларының листинг комиссияларының және қор биржаларының сараптау комитетінің мүшелері;
- 25) өздеріне берілген құнды қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылау және қадағалау жасау функцияларына орай Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын мемлекеттік қызметшілер (мысалы, ҚР ҰБ-нен Банк жетекшісі, Банк қызметін тексеру кезеңіндегі ҚР ҰБ тексеруші тобы);

- 26) өздеріне берілген өкілеттілікке орай Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын осы Бөлімнің 6-9 тармақшаларында көрсетілген ұйымдар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар;
- 27) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын осы Бөлімнің 6-9 және 12 тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметкерлері;
- 28) осы Бөлімнің 1-13 тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан Инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

## **6. Инсайдерлер тізімін жүргізу, актуалды қалыпта ұстау, сонымен қатар тізімнен шығару тәртібі**

6.6. Банк Инсайдерлер тізіміне тек Ереженің 5 бөлімінің 1-9 тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды ғана енгізеді. Инсайдерлер тізімін Комплаенс Департаменті тоқсан сайын келесі деректер негізінде әзірлейді:

- Ереженің 5 бөлімінің 1 т. бойынша – ЗД ақпараты негізінде;
- Ереженің 5 бөлімінің 2, 3 тт. бойынша – ҚЖД деректері негізінде;
- Ереженің 5 бөлімінің 4 т. бойынша – көрсетілген бөлімшелер басшыларының Инсайдерлік ақпаратқа нақты қол жеткізе алатын қызметкерлер бойынша деректері негізінде;
- Ереженің 5 бөлімінің 5, 6 тт. бойынша – ҚД деректері негізінде;
- Ереженің 5 бөлімінің 7-9 тт. бойынша - Ереженің 5 бөлімінің 2, 3 тт. көрсетілген тұлғалармен тиісті шарттар жасайтын бөлімшелер басшылары деректерінің негізінде.

6.7. Комплаенс Департаментіне тапсырылатын Ереженің 5 бөлімінің 1-9 тт. көрсетілген тұлғалар бойынша ақпаратта келесі деректер болуы және ол осы Ереженің №3 қосымшасына сәйкес тапсырылуы тиіс:

- 3) Жеке тұлғағның аты-жөні, оның лауазымы, туған күні, тұрғылықты мекен-жайы мен электрондық поштасының мекен-жайы; Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме, Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздемесі пайда болған күн, Инсайдерлер тізімінен шығару негіздемесі, Инсайдерлер тізімінен шығару негіздемесі пайда болған күн;
- 4) Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан орны, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжатының деректемелері, Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме, Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздемесі пайда болған күн, Инсайдерлер тізімінен шығару негіздемесі, Инсайдерлер тізімінен шығару негіздемесі пайда болған күн.

6.8. Осы Бөлімде көрсетілген бөлімшелердің басшылары Ереженің 5 бөлімінің 1-9 тт. бойынша тапсырылған ақпараттың толықтығы мен шындығына, сонымен қатар оны тапсыру мерзімінің сақталуына және оның актуалды жағдайда ұсталуына (оның ішінде, Инсайдерлер деректемелерінің актуалдылығына қатысты) жеке жауап береді.

6.9. Инсайдерлер жөніндегі ақпарат Комплаенс Департаментіне есепті тоқсан аяқталғаннан кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырылады, бұрын тапсырылған ақпараттың актуалдылығы расталады, немесе Инсайдерлер тізіміндегі өзгеріс тапсырылады.

6.10. Есепті кезеңнен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде алынған ақпарат негізінде Комплаенс Департаменті Инсайдерлер тізімін әзірлейді және оған Банк Басқармасы Төрағасының қолын қойғызады.

## **7. Тұлғаларға оларды инсайдерлер тізіміне енгізу/ инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлау тәртібі және мерзімі**



7.3. Банк Ереженің 5 бөлімінің 1-9 тт. көрсетілген тұлғаларға Инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен шығару) туралы, сонымен қатар ҚР заңнамасы мен осы Ереженің Инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалануға қатысты талаптары туралы келесі тәртіпте жазбаша хабарлайды;

1) Комплаенс Департаменті Ереженің №1, 2 және 4 қосымшаларына сәйкес жазбаша хабарлама әзірлейді;

2) Комплаенс Департаменті Инсайдерлерге Банк Басқармасы Төрағасы Инсайдерлер тізіміне қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жолдайды.

7.4. Хабарлама Инсайдерлерге электрондық поштамен жолданады және оның алынғанның хат жолданған тұлға жауап жазу арқылы растайды, немесе алғаны туралы хабарламасы қайтарылатын тапсырысты хат түрінде пошталық мекен-жайына жолданады.

## **8. Банк инсайдері болып табылатын ұйымдардың банкке ақпарат тапсыру тәртібі және мерзімі**

8.1. Осы Ереженің 5 бөлімінің 6-9 тт. көрсетілген ұйымдарды Банк Инсайдерлерінің тізіміне енгізуге негіз пайда болған жағдайда мұндай ұйымдарға Банк ҚР заңнамасының келесі талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабарлайды:

1) Өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізу;

2) Өз қызметкерлеріне ҚР заңнамасының Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары туралы хабарлайды, сонымен қатар Банкке өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлер туралы хабарлайды;

8.2. Осы мақсаттарда осы Ереженің 5 бөлімінің 6-9 тт. көрсетілген ұйымдаға кеңес беріледі:

1) мұндай қызметкерлермен сол қызметкер қол жеткізе алатын Банктің инсайдерлік ақпаратына қатысты құпиялылық сақтау туралы келісім жасауға;

2) олар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдарды Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты ҚР заңнамасы талаптары туралы ақпараттандыруға;

3) қызметкерлерге Банктің Инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсат берілген күннен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке Банктің Инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсат берілген қызметкерлер туралы хабарлауға;

4) қызметкерлердің өздеріне Инсайдер статусы берілгені, Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға қатысты ҚР заңнамасы талаптары және осы Ереженің талаптары туралы хабарлауға;

5) Банкке қызметкерлерінің Банктің Инсайдерлік ақпаратына кіруін тоқтататын (жоятын) күнге дейін 1 жұмыс күні бұрыннан кешіктірмей қызметкерлердің Банктің Инсайдерлік ақпаратына кіруін тоқтату (жою) туралы хабарлауға;

6) Қызметкерлердің өздеріне Инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлауға.

8.3. Осы Ереженің 5 бөлімінің 6-9, 12 тт. көрсетілген ұйымдар Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты ҚР заңнамасы талаптарын сақтауға, оның ішінде Банкке және өз қызметкерлеріне Банктің Инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсат беру және/немесе рұқсатты тоқтату (жою) туралы уақытында хабарлауға жеке өз бетінше жауап береді.

## **9. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеу және банк инсайдерлерінің мұндай ақпаратты құқықтан тыс пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу**

9.1. Инсайдерлер тізімі құпия болып табылады. Банк ішінде Инсайдерлер тізіміне Директорлар Кеңесі мүшелері, Басқарма мүшелері, Комплаенс Департаментінің қызметкерлері, ІАД және ҚД қол жеткізе алады.

9.2. Инсайдерлер тізімі Комплаенс Департаментінде сақталады және жазбаша сұранысы бойы өкілетті органға берілуі мүмкін.

9.3. «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) Листинг Ережелерінің талаптарына сәйкес Банк тоқсан сайын Биржаға Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар туралы мәлімет, оның ішінде өткен есепті кезеңмен салыстырғанда болған өзгерістер туралы ақпаратты тапсыруға міндетті. Бұл мәліметтер Комплаенс Департаменті ұсынған деректер негізінде ҚД тапсырады.

9.4. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу шектеулі. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығына Банк акцияларына ие болуына, Банкпен аффилирленуіне, Банктің басқарушы органдарындағы мүшелігіне және т.б. байланысты Инсайдерлер ие болады.

9.5. Банк Инсайдеріне кез келген уақытта тыйым салынады:

1) құнды қағаздармен (туынды қаржы аспаптарымен) мәмілелер жасалғанда Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) ҚР заңнамасында қарастырылғаннан өзге жағдайда үшінші тұлғаларға Инсайдерлік ақпаратты беруге немесе мұндай ақпаратқа үшінші тұлғалардың қол жетімділігін жасауға;

3) үшінші тұлғаларға Инсайдерлік ақпаратқа негізделген құнды қағаздармен мәмілелер жасау туралы кеңес беруге.

9.6. Инсайдерлер Банктің Инсайдерлік ақпараты бар құжаттарға өкілеттілігі жоқ тұлғалардың кіруіне лайықты бақылауды қамтамасыз етуге, сонымен қатар мұндай ақпаратты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу мүмкіндігі жоқ өкілетті емес тұлғалардың естіп қалуы ықтимал кез келген жерде талқылаудан аулақ болуға міндетті.

9.7. Инсайдерлердің Ережені сақтауын бақылау келесі жолдармен жүзеге асырылады:

1) Инсайдерлерді ҚР заңнамасы талаптарымен және осы Ережемен таныстыру;

2) Инсайдерлерге олардың Инсайдерлер тізіміне енгізілгені (тізімнен шығарылғаны) туралы хабарлау;

3) Банк Директорлар кеңесінің немесе Басқарма Төрағасының Банктің өкілетті органдарына/қызметкерлеріне осы Ережеде көрсетілген тыйым салынған әрекеттерді жасаған жағдайда Инсайдерлерге қатысты шара қолдануды тапсыру туралы шаралар және/немесе шешім қабылдауы, аталған шараларға кіреді (бірақ бұлармен шектелмейді):

- Бұдан былай Ереже бұзуға жол бермеу туралы талап;
- Ереженің сақталуын бақылауды күшейту;
- ҚР еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін болған жағдайда тәртіптік жаза қолдану шаралары;
- Банкке Инсайдердің әрекетінен келтірілген материалдық зардапты және/немесе зиянды өтеу туралы талап;
- Іс материалдарын құқық қорғау органдарына қылмыстық іс қозғауға (қылмыс белгілері бар болса) жолдау;
- Өзге легитимді (үстемділігі мойындалатын) шаралар.

9.8. Инсайдерлерді осы Ережемен таныстыру бұл Ережені Банктің корпоративтік веб-сайтына орналастыру жолымен жүзеге асырылады. Банк Инсайдерлеріне олардың жазбаша сұранысы бойынша қағаз тасымалдаушыдағы Ереже көшірмесі беріледі.

## 10. Қорытынды ереже

10.1. Осы Ережеде реттелмеген өзге сұрақтар ҚР заңнамасы мен Банктің ішкі нормативтік

құжаттарының талаптарына сәйкес реттеледі.

10.2. Бұл Ереже мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған. Мазмұндарында әр келкілік анықталған жағдайда орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие.

10.3. Осы Ереже және оны өзгертулер Банк Директорлар Кеңесі бекіткен күннен бастап әрекетке енгізіледі.

10.4. «Қазинвестбанкі» АҚ Директор Кеңесінің 2012 жылғы 03 қазандағы мәжіліс хаттамасымен бекітілген Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесі күшін жойған деп танылсын.

**«Казинвестбанкi» АҚ Инсайдерлiк  
ақпаратты пайдалану және ашу  
бойынша iшкi бақылау ережесiне  
№1 қосымша**

**Жеке тұлғаға «Казинвестбанкi» АҚ инсайдерi статусын алған туралы хабарлама**

Осымен «Казинвестбанкi» АҚ (бұдан әрi – Банк) \_\_\_\_\_  
201\_\_ ж.

*(жеке тұлғаның атын-жөнi көрсету*

*қажет)*

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ бастап «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1 б. 3 т. сәйкес Сiздiң Банк инсайдерi\* болып танылатыныңызды хабарлайды.

Осыған байланысты Сiз Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің инсайдерлiк ақпаратын\*\* пайдалануға/ашуға қатысты талаптарын, «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарымен қоса, сонымен қатар «Казинвестбанкi» АҚ Инсайдерлiк ақпаратты пайдалану және ашу бойынша iшкi бақылау ережесiн [Банктің веб-сайтында: [www.kib.kz](http://www.kib.kz) орналастырылған], оның iшiнде келесiлдердi сақтауға мiндеттiсiз:

- 1) Банк эмитентi болып табылатын құнды қағаздармен мәмiлелер жасағанда Банктің инсайдерлiк ақпаратын (туынды қаржы аспаптарын) пайдаланбауға;
- 2) Банк ақпаратын үшiншi тұлғаларға бермеуге немесе үшiншi тұлғалардың қол жетуiн жасамауға;
- 3) үшiншi тұлғаларға Банктің инсайдерлiк ақпаратына негiзделген құнды қағаздармен мәмiлелер жасау туралы кеңестер бермеуге.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын және/немесе «Казинвестбанкi» АҚ Инсайдерлiк ақпаратты пайдалану және ашу бойынша iшкi бақылау ережесiн бұзғаныңыз үшiн Сiз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болып табыласыз.

Құрметпен,

\*- Банктің инсайдерлiк ақпаратына рұқсаты бар немесе рұқсаты болуы мүмкiн тұлға;

\*\* - құнды қағаздар (туынды қаржы аспаптары), олармен жасалған мәмiлелер, сонымен қатар, Банк туралы құнды қағаздар (туынды қаржы аспаптарын) шығарушы (ұсынушы) эмитент ретiндегi, коммерциялық құпияны құрайтын ол жүзеге асыратын қызметтер туралы, сондай-ақ, үшiншi тұлғаларға белгiсiз, оларды ашу құнды қағаздардың (туынды қаржы аспаптарының) құнының өзгеруiне және олардың эмитентi ретiндегi Банктің қызметiне әсер етуi мүмкiн шынайы ақпарат. Ақпарат оны БАҚ жариялаған сәтке дейiн инсайдерлiк болып табылады.

**«Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік  
ақпаратты пайдалану және ашу  
бойынша ішкі бақылау ережесіне  
№2 қосымша**

**Заңды тұлғаға «Казинвестбанк» АҚ инсайдері мәртебесін алғаны туралы хабарлама**

Осымен «Казинвестбанк» АҚ (бұдан әрі – Банк) \_\_\_\_\_  
бұдан әрі

*(заңды тұлғаның атауын*


*көрсету қажет)*

– Ұйым, 201\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ бастап Ұйымның (негізін көрсету қажет):

- Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайыз акцияларына тура немесе жанама ие болу, пайдалану және/немесе) билік ету құқығына ие болуына;
- тізіміне эмитенті банк болып табылатын құнды қағаздар (туынды қаржы аспаптары) енгізілген сауда-саттықтың ұйымдастырушысы болып табылуына;
- талаптарымен Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылған шарт жасасуға (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсетуші аудитор болып табылуына;
- талаптарымен Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылған шарт жасасуға (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсетуші бағалаушы болып табылуына;
- талаптарымен Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылған шарт жасасуға (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсетуші өзге заңды тұлға болып табылуына байланысты Банк инсайдері мәртебесін алғаны туралы хабарлайды.

Ұйымның Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға/ашуға қатысты талаптарын, «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарымен қоса, сонымен қатар «Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесін [Банктің веб-сайтында: [www.kib.kz](http://www.kib.kz) орналастырылған] сақтауға міндеттілігіне байланысты:

- 1) Банк эмитенті болып табылатын құнды қағаздармен мәмілелер жасағанда Банктің инсайдерлік ақпаратын (туынды қаржы аспаптарын) пайдаланбасын;
- 2) Банк ақпаратын үшінші тұлғаларға бермесіне немесе үшінші тұлғалардың қол жетуін жасамасын;
- 3) үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген құнды қағаздармен мәмілелер жасау туралы кеңестер бермесін;
- 4) өз қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізісін;
- 5) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптары, оның ішінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға қатысты «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарымен қоса, «Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесі туралы ақпараттандырсын;
- 5) өзінің қызметтік жағдайлары мен еңбек міндеттеріне орай Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы «Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесінде белгіленген тәртіпте және мерзімде Банкке ақпарат берсін;
- 6) Банкке өзінің қызметтік жағдайлары мен еңбек міндеттеріне орай Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы «Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік

	Документ № _____ Дата регистрации « ____ » _____ 20__ г.
Название: <i>правила внутреннего контроля по использованию и раскрытию инсайдерской информации АО «Казинвестбанк»</i>	Страница/всего страниц:30/34

ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесінде белгіленген тәртіпте және мерзімде ақпарат берсін;

7) Ұйым мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін өзі реттейтін ұйымдарды Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын, оның ішінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға қатысты «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарымен қоса, «Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесінің (мұндай ұйымдарға Банктің инсайдерлік ақпараты ашылған жағдайда) талаптарын сақтау қажеттігі туралы ақпараттандырсын;

8) «Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесі белгілеген тәртіпте және мерзімде Банкті Ұйым мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін өзі реттейтін ұйымдар (мұндай ұйымдарға Банктің инсайдерлік ақпараты ашылған жағдайда) туралы ақпараттандырсын;

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын және/немесе «Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесін бұзғаны үшін Ұйымға (лауазымды тұлғалармен қоса) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

Құрметпен,

**«Казинвестбанк» АҚ Инсайдерлік  
 ақпаратты пайдалану және ашу  
 бойынша ішкі бақылау ережесіне  
 №3 қосымша**

**Инсайдерлер туралы мәлімет тапсыру формасы**

№	Жеке тұлғаның аты-жөні	Жеке тұлғаның лауазымы	Жеке тұлғаның туған күні	Жеке тұлғаның тұрғылықты немесе электрондық мекен-жайы	Тізімге енгізуге негіздеме	Тізімнен шығаруға негіздеме
	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлға қызметінің түрі	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжатының деректемелері	Заңды тұлғаның орналасқан орны	Тізімге енгізуге негіз пайда болған күн	Тізімнен шығаруға негіз пайда болған күн
1						
2						
3						

**«Казинвестбанкi» АҚ Инсайдерлік  
ақпаратты пайдалану және ашу  
бойынша ішкі бақылау ережесіне  
№4 қосымша**

**Жеке/заңды тұлғаға «Казинвестбанкi» АҚ инсайдері мәртебесін жоғалтуы туралы  
хабарлама**

Осымен «Казинвестбанкi» (бұдан әрі – Банк) Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 56-1 бабының 5 т. 5 тт. негізінде

\_\_\_\_\_ (Жеке тұлғаның аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауын көрсету қажет)

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап Банк инсайдері мәртебесін жоғалтқаны туралы хабарлайды.

Құрметпен,



## ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЯ/ КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Наименование документа: «Правила внутреннего контроля по использованию и раскрытию инсайдерской информации АО «Казинвестбанк»

Құжаттың аты: «Казинвестбанкі» АҚ Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және ашу бойынша ішкі бақылау ережесі»

Структурное подразделение Банка: Департамент комплаенс

Банктің құрылымдық бөлімшесі: Комплаенс департаменті

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата	Примечание
Одобрено: Мақұлданды:	Главный комплаенс контролер Бас бақылаушы комплаенс	Сейсапарова Ж.			
Согласовано: Келісілді:	Главный Бухгалтер Бас Бухгалтер	Ким Е.			
Согласовано: Келісілді:	Директор Департамента по работе с персоналом Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі департамент директоры	Бажова А.А.			
Согласовано: Келісілді:	Директор департамента казначейства Қазынашылық департаментінің директоры	Файзулин Р.			
Согласовано: Келісілді:	Директор Департамента кредитного администрирования Несиелік әкімшілік ету департаментінің директоры	Жаулыбаева С.			
Согласовано: Келісілді:	Директор Департамента внутреннего контроля Ішкі бақылау департаментінің директоры	Коканова Ж.Ж.			
Согласовано: Келісілді:	Директор юридического Департамента Заңгерлік департаментінің директоры	Сыдыкова А.			

Согласовано: Келісілді:	Начальник секретариата коллегияльных органов Алқалы органдар хатшылығының бастығы	Асабаева М.			
Согласовано: Келісілді:	Директор Департамента внутреннего аудита Ішкі аудит департаментінің директоры	Макаренко Т.С.			
Согласовано: Келісілді:	Директор департамента кредитных рисков Кредит тәуекелдер департаментінің директоры	Сеитов Б.			
Согласовано: Келісілді:	Директор департамента стратегических рисков Стратегиялық тәуекелдер департаментінің директоры	Ибраев Д.			
Согласовано: Келісілді:	Начальник отдела операционных рисков Операциялық тәуекелдер бөлімінің бастығы	Ботбаева И.			
Согласовано: Келісілді:	Директор Департамента корпоративного развития Корпоративтік даму департаментінің директоры	Кайып А.			
Согласовано: Келісілді:	Директор Департамента кредитования корпоративных клиентов Корпоративтік клиенттерді несиелендіру департаментінің директоры	Богомолова Р.			
Согласовано: Келісілді:	Директор Департамента кредитования МСБ клиентов ШОБ клиенттерін несиелендіру департаментінің директоры	Цой Т.			
Подготовлено: Әзірлеген:	Комплаенс Контролер Бақылаушы COMPLAENS	Алтаева Д.			